



QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№37 (1994) 28 ҚАЗАН 2025 ЖЫЛ



Farabi Supercomputer орталығының әлеуеті жоғары

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев ҚР ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің төрағалығымен өткен дөңгелек үстел отырысына онлайн форматта қатысты.



Шара отандық ғылымды дамыту бойынша жүргізіліп жатқан жұмыс нәтижелері мен суперкомпьютердің тиімділігін арттыруды талқылауға арналды.

Өз баяндамасында Жансейіт Түймебаев университет базасындағы суперкомпьютер орталығының жұмыс жоспарын таныстырып, болашақта күтілетін нәтижелерге тоқталды.

«ҚазҰУ-дағы суперкомпьютер орталығы – гибриді кластер, яғни құрамына 400 орталық процессорлы (CPU) сервер мен 30 графикалық процессорлы (GPU) сервер кіреді. Бұл күрделі ғылыми есептерді модельдеуге, үлкен деректерге негізделген болжамдар жасауға, жасанды интеллектіге қатысты ЖИ-агенттер мен қазақ тілінің үлкен тілдік моделі сияқты жо-

баларды интеграция жасауға мүмкіндік береді. Farabi Supercomputer орталығының әлеуеті өте жоғары. ҚазҰУ барлық жоғары оқу орындары мен ұйымдардың ғылыми есептеріне қолдану бойынша келіссөз жүргізуге дайын. Бүгінгі өзінде суперкомпьютердің ресурстарын бірлесіп пайдалану бойынша мемлекеттік органдармен, министрліктермен, қала әкімдігімен жұмыстар жүргізілуде. ҚазҰУ суперкомпьютері ғылыми зерттеулерді жаңа деңгейге көтереді», – деді ректор.

ҚазҰУ-дағы суперкомпьютердің қуаттылығы – 2000 терафлопс. Әлемдегі үздік 600 суперкомпьютердің бірі.

Нұрсұлтан
ЖЕКСЕНБАЕВ



Заманауи технология мен дәстүрлі өнер үйлесімі



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Республика күніне орай, «AI-Art: Бояудағы болашақ» атты шығармашылық пленэр ұйымдастырылды.

Мұндағы басты мақсат – заманауи технология мен дәстүрлі өнердің үйлесімін көрсету, ЖИ дәуіріндегі ҚазҰУ-дың дамуы мен болашақтағы келбетін қылқалам арқылы бейнелеу және студенттер арасында жасанды интеллект көмегімен сурет салу конкурсын жүзеге асыру. Сондай-ақ жасанды интеллект технологияларын шығармашылық салада қолдануды насихаттау, студенттердің цифрлық ойлау және визуалды экспрессия қабілеттерін дамыту, оқу ордасы жастарының инновациялық әлеуетін арттыру.

Ашық аспан астындағы пленэрге Қазақстан суретшілер одағының мүшелері, атап айтқанда: Мәлік Қайдаров, Құрманғазы Ақашев, Ернат Иманбакиев, Нұрболат Талғатұлы, Айдос Сейдақұл, Мәлік Жұмағұлов, Бақтияр Бүркітбаев, Төлеген Сүлейменов, Серік Тайнов, Нұрлан Сатаев, Серік Ағатаев, Ақмарал Қажыбек, Перизат Тайнова, Тұрғын Абдурахман және т.б. елге белгілі қылқалам шеберлері қатысты.

Сондай-ақ ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект, журналистика факультеті студенттерінің арасында ЖИ көмегімен сурет салу конкурсы тартысты өтті.

Пленэр жұмысымен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев



танысып, шығармашылық тұлғаларға сәттілік тіледі. Өз сөзінде ректор мұндай игі шаралар ҚазҰУ-дағы өнерлі жастардың шығармашылық әлеуетін дамытуға үлкен септігін тигізетінін жеткізді.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Жалғасы 8-бетте

3-бет
Аскар АКАЕВ:
Симбиоз человека и
ИИ открывает новые
горизонты познания



4-бет
Жас
ғалымдарға
қолдау
көрсетіледі



6-бет
Путь к успеху
и репутации
университета



«Әлем үш ерекше кезеңнің – технологиялық (жасанды интеллект), демографиялық және эволюциялық кезеңдердің табалдырығында тұр. Бұл адамзаттың болашақ дамуына қалай әсер етеді?» деген тақырыптағы көшбасшылық дәрісті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қырғызстан Республикасының тұңғыш президенті, РҒА академигі, М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті Күрделі жүйелердің математикалық зерттеулері институтының жетекші ғылыми қызметкері, профессор Асқар Ақаев оқыды.



ЖИ дәуіріндегі адамзат дамуына арналған дәріс

ды. Асқар Ақаевтың ғылым мен білімді дамытуға, ғылыми зерттеулерді ынталандыруға және кадрлар даярлауға қосқан үлесі өлшеусіз, – деді университет басшысы. – Оның басшылығымен Қырғыз ғылым академиясының өңірлік ғылыми алмасудағы рөлі күшейіп, инженерлік және технологиялық жобалар жүзеге асырылды, сондай-ақ жастардың білімге қолжетімділігін арттыруға бағытталған білім беру бастамалары қолдау тапты».

Академик Асқар Ақаевтың пікірінше, 2027-29 жылдары «адам интеллекті деңгейіндегі» жасанды интеллект құру мүмкіндігі өте жоғары. Бірақ «адам+ЖИ» симбиозының барлық салалардағы жетекші күшке айналуы адамзат эволюциясының прогрессивті бағыты бойынша қозғалуына мүмкіндік береді.

Дәріс соңы ашық диалог форматында өткен пікірталаспен аяқталды.

Света ӘБІЛҒАЗЫҚЫЗЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Республика күні мен Қазақстанның Мемлекеттік егемендігі туралы декларацияның қабылданғанына 35 жыл толуына арналған «Мемлекеттік егемендік туралы декларация және қазіргі Қазақстан: сын-қатерлер, жетістіктер, тұрақты дамудың ауқымы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Ұлттық бірліктің айшықты символы



Кемелұлы Тоқаевтың басшылығымен еліміз «Заң және тәртіп» қағидаттарына негізделген жаңғыру стратегиясын табысты іске асыруда. Бұл бағыт әділеттілік, ашықтық және жауапкершілік құндылықтарын тұрақты дамудың басты ұстанымына айналдырды, – деді ректор.

Сонымен қатар шара барысында ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Ирина Смирнова, заң ғылымының докторы, профессор Игорь Рогов, Алматы қаласы прокурорының орынбасары Дамир Қатаев және өзге де қонақтар құттықтау сөз сөйледі.

Пленарлық отырыста еліміздің көрнекті ғалымдары мен

сарапшылары Қазақстанның егемендігі мен мемлекеттілігінің қалыптасуы, саяси жүйенің дамуы, әлеуметтік-экономикалық және құқықтық жаңғыру үдерістері жөнінде мазмұнды баяндамалар жасады.

Конференция жұмысы секциялық отырыстарда жалғасты. Онда «Егемен мемлекет ретіндегі Қазақстанның конституциялық-құқықтық дамуы», «Мемлекеттік егемендік – құндылық ретінде: сын-қатерлер мен болашаққа пәнаралық көзқарас», «Экономикалық саясат және тұрақты дамудың конституциялық қағидаттары» және тағы басқа тақырыптар кеңінен талқыланды.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ

Экономикалық дағдарыстарды талдаудағы ЖИ рөлі



Қырғыз Республикасының тұңғыш президенті, РҒА академигі, М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті Күрделі жүйелердің математикалық зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері, профессор Асқар Ақаев Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессор-оқытушылар құрамы мен студенттеріне «Әлеуметтік-экономикалық дағдарыстарды талдау мен болжауда жасанды интеллекті моделін және экономикалық дамуды оңтайлы басқару туралы» мазмұнды дәріс оқыды.

Құрметті мейманды қарсы алған Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев университеттің құрметті профессоры, РҒА академигі Асқар Ақаевтың бұл сапарында екінші рет көшбасшылық дәріс оқып отырғанын атап өтті. Сондай-ақ ол алғашқы дәрісте қозғалған технологиялық, демографиялық және эволюциялық сингулярлық тақырыптарының өзектілігін еске салды. Бүгінде жасанды интеллект тек технологиялық құрал емес, ол экономиканы, білім мен ғылымды түбегейлі өзгертетін интеллектуалдық күшке айналып отыр.

«Біз адамзаттың жедел биологиялық және мәдени эво-

люциясына куә болып отырмыз. Гендік инженерия мен синтетикалық биологияның дамуы арқасында адамзат трансгуманизмнің – дамудың жаңа кезеңіне қадам басуда. Академик Ақаев атап өткендей, қазіргі кезеңде білім беру мен ғылымды басқару тәсілдерін қайта қарау, технологиялық прогресті бүкіл адамзат игілігіне бағыттайтын жаһандық ынтымақтастық пен бақылау жүйесін құру – уақыт талабы», – деді Жансейіт Қансейітұлы.

Өз дәрісінде академик Асқар Ақаев жасанды интеллект пен цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы туралы айта келіп, бұл салада АҚШ пен Қытайдың көш бастап тұрғанын атап өтті. Оның айтуынша, М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде соңғы он жылдан астам уақыт бойы жасанды интеллект ғылыми-зерттеу үдерістерінде, әсіресе ірі эксперименттік деректерді өңдеуде кеңінен қолданылып келеді. Жасанды интеллект үлкен деректерге негізделген барлық салаларда – астрофизикада, фармацевтикада, үлкен адрондық коллайдер жобасында, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық және геосаяси дағдарыстарды талдау мен болжауда ғылыми прогресті айтарлықтай жеделдетуде.

Дәріс соңында қатысушылар пікір алмасып, ғалымға өздерін қызықтырған сұрақтарын қойды.

Света ӨМІРҒАЛИЕВА



С рабочим визитом КазНУ имени аль-Фараби посетили ректор Санкт-Петербургского политехнического университета имени Петра Великого, вице-президент РАН Андрей Рудской и первый президент Кыргызской Республики, академик Российской академии наук, профессор Аскар Акаев. Почетных гостей встретил Председатель Правления – Ректор вуза Жансеит Туймебаев и провел переговоры в узком составе. В ходе встречи стороны договорились о дальнейшем укреплении сотрудничества между двумя университетами, особенно в области искусственного интеллекта (ИИ) и информационных технологий с целью реализации совместных исследований и проектов.

Первый президент Кыргызской Республики, академик РАН, профессор, ведущий научный сотрудник Института математических исследований сложных систем при МГУ имени М.Ломоносова Аскар Акаев 20 и 21 октября для коллектива и студентов КазНУ читал лидерскую лекцию на тему: «Мир стоит на пороге эпохи трех сингулярностей: технологической (ИИ), демографической и эволюционной, как это повлияет на дальнейшее развитие человечества?».



Академик Аскар АКАЕВ:

Симбиоз человека и ИИ

открывает новые горизонты познания

Почетный профессор открыл свою лекцию с теплых слов приветствия: «Құрметті қазақ туғандарым, саламатсыздар ма?». Вы знаете весь мир сегодня стоит перед новой историей человечества. Наверное не все знают, в ближайшее время человечеству предстоит пройти через три сингулярности – технологическую, демографическую и самое главное, эволюционную. Сингулярность – это какая-то величина, которая уходит в бесконечность. Но мир, природа, Всевышний всегда избегают бесконечности, они как-то регулируют сингулярности. Одна из сингулярностей создана самим человеком. Это – искусственный интеллект, ее контролировать, регулировать очень трудно. Человечество как раз продвигается к этому моменту, который человечество никогда в истории не переживало, не сталкивалось. Конечно были революции, переход к оседлому образу жизни, потом была городская революция, великая промышленная революция, потом была информационная революция. Все эти фазовые переходы очень трудные для человечества. И вот теперь мы на пороге, можно сказать уже находимся в эпоху цифровой революции. Тем не менее предстоит человеку и это пережить.

Прежде чем перейти к этим сингулярностям хотел бы сказать, что каждый раз когда я приезжаю в Казахстан меня очень радуют успехи вашей республики, братского народа Казахстана. И в этот раз тоже как раз знакомился с новой программой вашего Президента Касым-Жомарта Токаева. Я считаю это самая амбициозная программ по цифровому развитию с использованием ИИ. Меня очень покорило само название Послания вашего Президента «Казахстан в эпоху ИИ актуальные задачи и методы их решения цифровой трансформацией». Не одного

доклада таких от других президентов я не слышал. Ваш Президент ставит через три года трансформировать Казахстан в полноценное цифровое государство. Если это случится даже через 5 лет, то Казахстан будет в числе лидеров в области цифровой трансформации во всем мире. Он создал министерство и сейчас в планах создания университета ИИ, ничего подобного ни в одной евразийской стране нет. Это правильно, потому что ИИ, цифровая технология требует новые кадры с цифровыми компетенциями. Научно-технологический ресурс Казахстана, на мой взгляд, вполне достаточен для успешного воплощения программы цифрового прогресса, предложенной вашим Президентом. Меня вдохновляет перспектива того, что университет имени аль-Фараби может стать ведущим образовательным учреждением в области ИИ. Этот вуз уже демонстрирует лидерские позиции в политике цифровизации и применении технологий ИИ для трансформации экономики и государственного управления.

Демографическая сингулярность. Знания, технологии и инновации – главная движущая сила демографического и экономического развития на всем протяжении истории человечества. Знания порождают технологии и являются критерием успеха инноваций. Чтобы воспользоваться знаниями требуется качественный и образованный человеческий ресурс. В начале новой эпохи численность человечества составляло около 250 млн человек. Потом 1800 лет прошло, прежде чем человечество увеличилось до млрд. За 18 веков численность выросла всего в четыре раза. А дальше за 200 лет произошел взрывной рост, сейчас на Земле живет больше 8 млрд человек. Численность выросла в восемь раз. Этот рост принес

к технологической революции, как раз на грани 19-20 века появилось электричество, а к середине XX века было открытие атома, покорение космоса, появились первые лазеры и др. Но вместе с тем люди начали ощущать антропогенную нагрузку, чем больше людей, тем больше нагрузки на биосферу земли. Начались загрязнение почвы земли, затем изменение климата. Глобальное потепление может привести к крупнейшей катастрофе, с которой человечество ранее не встречалось.

Впервые уравнение роста численности населения 1798 году написал известный английский священник, выдающийся математик Томас Мальтус. Он собрал данные по росту численности населения в Европейских странах и сумел написать уравнение. Тогда в Европе численность населения росла и это одна из причин того, что промышленная революция родилась в Западной Европе. Тогда на Востоке, в Китае, Индии была стагнация, то есть рождаемость и смертность были равны и население не росло. Поэтому там и не было технологического, научного продвижения. Позже известный ученый физик С.П.Капица построил функцию, что в 1962 году перегиб, а дальше происходит стабилизация. Он посчитал, что наша планета может вместить, прокормить 11 млрд 360 млн человек. Но это верхняя граница. Он предположил, что Земля может бесконечно вмещающая емкость. Это закон эволюции человечества. Таким образом численность населения на Земле не уходит в бесконечность, а идет к стабилизации. Сейчас все медленнее, медленнее растет и когда-нибудь достигнет максимума.

Технологическая сингулярность связана исключительно с искусственным интеллектом. Ученые 70 лет назад создатели первых

компьютеров поняли, что на их основе можно создать искусственный человеческий мозг – ИИ. Они были правы. Сингулярностью называем тот момент, когда ИИ разумом превзойдет многократно человеческий интеллект. То есть мы, люди, перестанем понимать творение наших рук – ИИ, что он делает, какие знания он добывает. Симбиоз человека и ИИ открывает совершенно новые горизонты познания. Если ИИ станет доброжелательным помощником человека, усиливающим его когнитивные способности, тогда состоится новая эпоха великой научной и культурной революции, а также процветания человечества. Эволюция человечества в этом случае пойдет по восходящей прогрессивной траектории развития!

Но если ИИ станет конкурентом человека, отнимая у него интеллектуальную работу и вытесняя его из социальной жизни, то эволюция человечества пойдет по нисходящей траектории, по пути деградации. А это будет вполне по силам универсальному ИИ человеческого уровня, способному решать любые интеллектуальные задачи на уровне высококвалифицированных специалистов. Многие эксперты считают, что в ближайшие годы, а именно в 2027-29 годы появится ИИ человеческого уровня – Универсальный интеллект человеческого уровня (УЧИ). Думаете это случайно? Нет, ни в коем случае. Это предсказывалось уже давно, 60 лет назад написали, что 2027 год будет точкой демографической сингулярности. Удивительно как совпадает дата. Грядущая эпоха сингулярностей – это время как великих возможностей, так и не менее грандиозных вызовов и рисков! Главная задача человечество состоит в том, чтобы не просто адаптироваться к предстоящим революционным изменениям, но активно фор-

мировать будущее, в котором ИИ и другие высокие технологии будут служить расширению человеческого потенциала и его возможностей на благо прогресса человечества. На все это у человечества есть бифуркационное время, ограниченное 20-30 годами, вплоть до появления автономного искусственного сверхинтеллекта, обладающего возможностями самопроизводства и саморазвития.

Главная движущая сила цифровой экономики – симбиоз «человек+интеллектуальная машина». Есть достаточно оснований говорить о том, что большинство работ в будущем невозможно выполнить без людей. Любая работа когнитивного характера м.б фрагментирована на определенный набор задач, одни из которых являются программируемыми, следовательно м.б автоматизированы и переданы для исполнения ИИ, а другие в принципе невозможно автоматизировать, поэтому они должны решаться людьми. Результаты специальных исследований говорят о том, что грядущая автоматизация с использованием цифровых технологий заменит примерно 25-50 рутинной и скучной работы человека, что позволит ему удвоить усилия для выполнения остальной части работы и существенно повысить производительность труда. Ключ к благополучному будущему человеческой цивилизации – становление гуманистически-ноосферной цивилизации. Ее отличительные признаки – социальная, гуманистическая направленность, ноосферно-экологически ориентированный способ потребления и справедливое распределение богатства и продуктов труда.

Одним словом, все авторитеты, имевшие отношение к разработке ИИ считают, что надо установить контроль над ИИ пока не поздно. А когда будет поздно? Вот сейчас и в ближайшее 10 лет ИИ не будет самовоспроизводиться и саморазвиваться. То есть породить подобного ИИ, а когда это случится, вот тогда человечество не сможет контролировать ИИ. Эксперты считают, что это произойдет к 2050 году. Если за 20 лет не сможем обуздать ИИ, то наступит конец света. Это будет последнее изобретение человека. Ситуация как в те времена, когда одновременно жили неандертальцы и хомо сапиенсы, в итоге уничтожил один других. На самом деле ИИ будет уменьшать численность населения на Земле. До сих пор эволюция шла с ускорением, особенно в последнее столетие. А теперь, когда человечество пройдет точку бифуркации эволюция замедляется. Человечество расслабится, пользуется плодами того, чего достигли. Но, есть одно но – ИИ уже начинает тревожить нас, потому что он может у нас отобрать работу. Многие об этом уже беспокоятся. Теперь ИИ заменяет десятки тысяч математиков, программистов. Это психологическая нагрузка и к этому надо готовиться.

Каиржан ТУРЕЖАНОВ

Продолжение следует

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Ресей Федерациясы Президенті Әкімшілігінің басқарма басшысы Николай Овсиенко мен тарих ғылымының докторы, Ресей ғылым академиясы Шығыс зерттеулері институтының Шығыс тарихы бөлімінің меңгерушісі Александр Васильев арнайы келді.



Тараптар ынтымақтастықты дамытуға уағдаласты

мен Александр Васильев университет базасындағы Farabi Supercomputer орталығының қызметімен танысты. Мұнда орталық мамандары суперкомпьютердің қазіргі заманғы ғылыми зерттеулерде, атап айтқанда үлкен деректерді өңдеу, модельдеу және есептеу процестерінде қолданылу бағыттарын егжей-тегжейлі түсіндірді. Бұл орталықтың қызметі университеттің ғылыми

өлеуетін арттыруға, сондай-ақ халықаралық ғылыми қауымдастықта беделін нығайтуға ықпал ететіні айтылды.

Сонымен қатар ҚазҰУ-ға жұмыс сапары барысында Николай Овсиенко мен Александр Васильев Фараби кітапханасында болды. Мұнда кітапхана қорымен, оның ішінде сирек кездесетін тарихи және ғылыми басылымдармен танысты.

Республика күні қарсаңында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев пен ҚазҰУ Директорлар кеңесінің төрағасы, Түлектер қауымдастығының төрағасы Қайрат Мәми Scopus базасында ғылыми мақалалары жарияланған жас ғалымдармен кездесті.

Жас ғалымдарға қолдау көрсетіледі



көрсету ҚазҰУ-дың басты басымдықтарының бірі екенін атап өтті. Ректор Scopus және Web of Science сияқты беделді базаларда жарияланған мақалалардың Қазақстан ғылымының халықаралық беделін арттырудағы маңыздылығына тоқталды.

Сонымен қатар оқу ордасының басшысы жауапты мамандарға Scopus журналында мақалалары көптеп жарияланған докторанттарды университетке жұмысқа орналас-

тыру туралы тапсырма берді. Өз кезегінде Қайрат Мәми жас ғалымдарды жаңа идеялар мен зерттеу бағыттарын батыл дамытуға шақырып, университет Түлектер қауымдастығының әрдайым жас буынға қолдау көрсетуге дайын екенін жеткізді.

Жүздесуде магистранттар мен докторанттар «Фараби» медалімен және ректордың алғыс хатымен марапатталды.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

Қос ғалым жаңа пәтер иесі атанды



Республика күні қарсаңында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушылары Сымбат Сағындықова мен Айнұр Ермекбаева жаңа пәтердің иесі атанды. Баспана Алматы қаласынан берілді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы аясында берілген пәтер сертификатын ҚР ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек табыстады.

Министр табыстау салтанатына қатысушыларды Республика күнімен құттықтап, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, еліміздің ғылым және жоғары білім жүйесінде жүзеге асырылып жатқан маңызды бастамаларға тоқталды.

Сымбат Сағындықова Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тарих факультетінде 2017 жылдан бастап қызмет етіп келеді. Көптеген ғылыми мақалалар мен монографиялардың авторы. 2021-23 жылдар аралығында Аягөз археологиялық экспедициясының құрамында болып, 107 жаңа қорымды ашуға атсалысты. Биыл Зайсан археологиялық экспедициясының құрамында Зайсан қазаншұңқырында орналасқан ортағасырлық қалаларды зерттеуге қатысты. Нәтижесінде бұрын белгісіз болып келген түркі ке-



зеңіне жататын үш қалашық ашылып, қазба жұмыстары жүргізілді.

Ал Айнұр Ермекбаева да ҚазҰУ-дағы қызметін 2017 жылдан бастаған. Жас ғалым отандық этнографиялық ғылым мен Қазақстан музейтануының теориялық-әдіснамалық негіздерін жетілдіруге және олардың әрі қарай дамуына айтарлықтай өз үлесін қосып жүр. Ол бірнеше ғылыми еңбектің авторы, соның ішінде жоғары индекстелген Scopus базасына енетін журналда ғылыми мақаласы жарық көрген. Жас ғалым ғылыми жоба қатысушысы, Италия Мәдени мұра министрлігі Қоғамдық институты стипендиясының иегері, сондай-ақ шетелдік ғылыми институттар мен университеттерінде ғылыми тағылымдамадан өткен.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Республика күні мен Қазақстан Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы декларацияның қабылданғанына 35 жыл толуына орай, күзгі жәрмеңке ұйымдастырылды.



Құрманбаева атап өткендей, бұл өнімдер Қапшағай суқоймасы маңындағы 10 гектар жерге егілген.

Бағдарлама аясында география және табиғатты пайдалану факультетінің деканы Әлия Ақтымбаева студенттер арасында экологиялық ойлау мен «жасыл» бастамаларды дамытуға бағытталған «ҚазҰУ Эко-хабының ECO Network-пен



бірлескен қызметін кеңейту және коммерцияландыру» жобасын таныстырды.

Көрмеде қолөнер бұйымдары ерекше қызығушылық тудырды. Сөмкелер, кілемдер, гобелендер, гипс мүсіншелері, ұлттық әшекейлер мен кәдесыйлар университеттің шебер-

лері мен студенттерінің қолымен жасалған.

Жәрмеңкеде ҚазҰУ-дың «Көмек» қайырымдылық қоры да жәрмеңкеде өз қызметін көрсетті. Студенттердің өз қолымен әзірлеген тағамдарды сатудан түскен қаражат балалар үйлерінің тәрбиеленуші-

лерін және қарттар үйіндегі аға буынды қолдауға бағытталмақ.

Жәрмеңке қонақтары мен қатысушылары үшін ҚазҰУ-дың 15 факультеті, университет асханалары және «Парасат» кәсіподағы бірігіп 1000 келі палау мен 500 келі бауырсақ әзірледі. Мереке барысында патриоттық әндер шырқалып, зияткерлік ойындар ұйымдастырылды. Сонымен қатар қазақша күрес, асық ату, арқан тарту және тоғызқұмалақ сияқты ұлттық спорт түрлерін жарыстар өтті.

Қонақтардың ерекше қызығушылығын тудырған көркемсурет галереясында Қазақстанның белгілі суретшісі, Қазақстан суретшілер одағының мүшесі Болат Хамзиннің туындылары мен Республика күніне арналған «Болон үдерісі жөніндегі студенттік бюроның» шығармашылық жұмыстары қойылды.

Гүл БАЯНДИНА

Сапалы кадр даярлау ісі өзекті

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына жасаған жолдауында әдеттегідей тың ұсыныстар айтты. Еліміздің әлеуметтік-экономика саласына қарқынды өзгерістер енгізу үшін жасанды интеллектің көмегін жұмылдыру туралы ұсынысы аз уақытта көп іс тындыруға мүмкіндік беретін жаңа заманауи көзқарас екені рас.



Өзге елдермен салыстырғанда біз жерасты қазба байлығы мол елміз. Ел басшысы осыған қатысты алдағы уақытта тау-кен кешенін дамытуға басымдық берілетінін атап өтті. Ел экономикасын қарқынды дамытудың бірден-бір тегі өнім өндіретін кәсіпкерлер легі 6 пайызға да жетпейтінін, олардың санының өте төмен болуы осы салаға қатысты заңдардағы қарама-қайшылықтардың болуына қатысты екенін атап өтті. Сондықтан ескірген заңдарды жаңа бағытқа лайықтап қайта жазуды ұсынды.

Өзімізге белгілі елдегі әлеуметтік топтарға мемлекет тарапынан берілетін көмек түрлері көбейіп келеді. Бірақ Президент ескерткендей, көмек алуға тілек білдірушілердің қатары күрт өсіп бара жатыр. Әрине, көмек алуға шын мұқтаж жандарға берілетін көмектің орны бір бөлек, алайда осы жағдайды пайдаланып ел ішінде масылдыққа бой үйретуге әрекеттенген азаматтар да жоқ емес. Сондықтан осы көмек беруді дұрыс және шынайы мұқтаждарға ғана бағытталуын қадағалау керектігін қадап айтты.

Ел экономикасын көтеруге күш салуға қашанда білікті, сауатты мамандардың күші керек. Осы бағытта кадр реформасы түйткілді мәселе болып отыр. Елдегі кәсіби мамандардың шетел асып, ел ішінде кадр тапшылығы өр

салада орын алып отыр. Сондықтан сапалы кадр даярлау ісі бүгінгі күні күн тәртібінен түспей келе жатқан мәселе екені де ашып айтылды. Білікті мамандарды елге қайтарудың жолдарын қарастырып, олармен кеңінен жұмыс жүргізуді тапсырды. Кадр тапшылығын жою үшін көші-қон саясатын қайта қарау туралы да айтты.

Президент үкімет пен әкімдердің жұмысы жолға дұрыс қойылмағанын еліміздің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы құлдырап кеткеніне қынжылды. Сондай-ақ осы жолғы жолдауда мемлекет басшысы елге инвестиция тартуды күшейту, АЭС құрылысын жоспарлау, Алатау қаласына арнайы статус беріліп, тікелей үкіметке бағынатынын, сондай-ақ Президент тарапынан банктер тек халыққа несие берумен ғана айналыспай, экономикаға қаржы салуы керектігін ескертті. Осы орайда, банк саласында жаңа заңдар қабылдануы керек деген сөздер айтылды.

Бұл жолдауда Президент тіршілік көзі – судың сапасы, тапшылығы мәселесін де айналып өтпеді. Ел экономикасының басты көзі егіншілік, бау-бақша өсіру болғандықтан, сумен қамтамасыз ету, су мамандарын даярлау ісі де алғаш рет айтылып отырған жоқ. Себебі судың дұрыс берілуі, су сапасы елдің ден-

саулық, әлеуметтік мәселелерін шешумен тығыз байланысты екені айдан анық.

Президент жолдауда БҰҰ-ның жұмысына қатысты, әлемдік геосаяси жағдайға байланысты пікір білдірді. Бұған қоса, ұйымға реформалар енгізу туралы Қазақстан атынан ұсыныс білдіретінін айтты. Сондай-ақ Қазақстандағы саяси жүйедегі оң өзгерістерге тоқталып өтті.

Елдегі салық мәселесі, салық саласындағы заңсыздық, салық төлеуден жалтару мәселесін де жіті қарастырып, ол салаға қатысты реформалар жасауды ұсынды. Түрлі экономикалық, саяси, әлеуметтік мәселелерді шешудің барлығының басында елдің заңмен қамтамасыз етілуі тұр. Елде соңғы уақыттарда заңбұзушылық, бұзақылық әрекеттердің болмауы үшін заң саласындағы олқылықтардың алдын алу керек екенін ескертіп айтты.

Президенттің елді дамытуға қатысты жаңа бағытқа қарай қарқынды қадам жасауға бағыттаған жолдауы болашақтан көп үміт күттіреді. Енді сол үдеден шығу үшін бәрімізге тиянақты жұмыс істеу керек.

Гүлназ МАШИНБАЕВА,
Шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының аға оқытушысы



